

FTAXP 16.31

А.Ә. Жұмағұл¹, Х.А. Ордабекова¹

¹Сулейман Демирел университеті

Алматы қ., Қазақстан

САЯСИ ДИСКУРСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Бұл мақалада институционалды дискурстың бір тармағы болып табылатын саяси дискурстың құрылымы туралы баяндалды. Саяси дискурстың басқа дискурстың түрлері секілді өзіндік қатысушылары мен құрылымы, мазмұны, мақсаты және қоғамда атқаратын қызметі болатыны негізге алынды. Басқа дискурс түрлерінен айырмашылығы ретінде оның қоғамның бүкіл саласына, алуан түрлі әлеуметтік институттарды қамтитындығы түсіндірілген. Институционалды дискурстың бір тармағы ретінде мемлекеттің өз ішінде және халықаралық саяси аренада мүддесін қорғауда саяси дискурс басқа дискурс түрлерінен өте жоғары тұратынын атап өтілді. Дискурстың саясаттағы формасы, мазмұны және әлеуметтік-саяси контексті оның қатысушылары арқылы анықталатындығы мен мамандар тарапынан ұсынылып жүрген саяси шешімнің қабылдануына әсер ететін негізгі 3 деңгейдің қызметін сараланды. Саяси дискурстың атқаратын он төрт қызметіне жеке-жеке анықтама берілді.

Кілт сөздер: саяси дискурс, саяси коммуникация, дискурс қатысушылары, әлеуметтік институттар, дискурс құрылымы, қоғамдық функция, дискурс қызметі, институционалды дискурс, мәнмәтін, жағдаят.

Аннотация. В данной статье описывается структура политического дискурса, который является частью институционального дискурса. Политический дискурс, как и другие типы дискурса, основан на его собственных участниках, структуре, содержании, цели и функциях в обществе. В отличие от других видов дискурса, он охватывает все социальные секторы, включая различные социальные институты. Было выявлено, что в рамках институционального дискурса политический дискурс намного значимее, чем другие типы дискурса, в защите интересов государства в государстве и на международной арене. Формы, содержание и социально-политический контекст дискурса определяются через его участников и три основных уровня деятельности, которые влияют на процесс принятия решений экспертами. Авторы отмечают четыре дисциплины политического дискурса, которые обосновываются в данной статье.

Ключевые слова: политический дискурс, политическая дискурса, участники дискурса, социальные институты, структура дискурса,

общественная функция, функция дискурса, институциональный дискурс, контекст, ситуация.

Abstract. This article describes the structure of political discourse, which is part of institutional discourse. Political discourse, like other types of discourse, is based on its own participants, structure, content, purpose and functions in society. Unlike other types of discourse, it covers all social sectors, including various social institutions. It was revealed that within the framework of institutional discourse, political discourse is much more important than other types of discourse in protecting the interests of the state in the state and on the international arena. The forms, content and socio-political context of the discourse are determined through its participants and the three main levels of activity that influence the decision-making process of experts. The authors note four disciplines of political discourse, which are substantiated in this article.

Key words: political discourse, political discourse, participants of a discourse, social institutes, structure of a discourse, public function, function of a discourse, institutional discourse, context, situation.

Еліміздегі баспасөздің қарқынды дамуы - баспа, радио, теледидар, әлемдік ғаламтордың кең таралуы - бірыңғай ақпараттық кеңістіктің, ерекше үздік те озық ортаның, көптеген медиаағымдар жиынтығының пайда болуына алып келді. Осының бәрі тілдік қолданыстардың ерекшелігіне, тілдегі өзгерістердің сипатына ықпал етіп, өзіндік таңбаларын қалдыруда.

БАҚ қоғамдық ой-санаға ықпал ететін саяси дискурстың негізі. Саяси дискурстың басқа кез-келген дискурс секілді өзіне тән қатысушылары болады. Қатысушылардың нақты құрамының болуы дискурстың ары қарайғы мақсатын, міндетін, идеясын, тақырыбын, мәнмәтінін, құралы мен мазмұнын анықтайды. Бұлардан бөлек, француз саясаттанушысы М.Ленза дискурстың стилі мен саяси коммуникацияның құралдарының түрлері қатысушылардың, басқарушының иерархияның белгілі бір деңгейінде немесе дәрежесінде қоластындағылармен қарым-қатынас жасауына да байланысты. Осыған сәйкес интитуционалды дискурстың бір тармағы ретінде қалыптасқан саяси дискурстың коммуникациялық моделінің төмендегідей құрамдас бөліктерін сипаттаймыз:

- президенттік коммуникация;
- парламенттік коммуникация;
- үкіметтік коммуникация;
- жергілікті жерді басқару өкілдерінің коммуникациясы;
- саяси институттардың коммуникациясы;
- партия, әртүрлі қозғалыстар мен саяси топтар;
- үкіметтік емес ұйымдар және т.б.

Саяси коммуникацияның қатысушылары саяси элита, саяси-қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік институттар және әртүрлі әлеуметтік топтар мен өкілдері жатады деген қорытынды шығаруға болады. Әлеуметтік институттар саяси дискурстың қатысушылары бола алатын жағдайлар бар. Оған олардың өзара билік үшін күресін, немесе мемлекеттік органдарға ықпал етуге тырысуын, өздеріне қатысты реформаларға, заңнамаларға қатысты жағымды-жағымсыз пікірлерін білдіруін жатқызамыз.

Саяси дискурстың субъектілері деп саяси және қоғам қайраткерлері, әртүрлі саяси институттар, әртүрлі әлеуметтік топтардың, ұлт өкілдерінің, конфессиялардың көзқарасын жақтайтын, мүддесін қорғайтын қозғалыстар мен күштерді тануға болады. Әлемдік және халықаралық саяси қарым-қатынастың қатысушылары - әр түрлі мемлекеттер мен автономиялар, халықаралық ұйымдар мен БҰҰ және оның арнайы мекемелері.

Дискурстың саясаттағы формасы, мазмұны және әлеуметтік-саяси контексті оның қатысушылары арқылы анықталады. Дискурстың сипатына саяси билікке деген әлеуметтік топтардың, басқа да саяси институттардың оппозициялық көзқарастарының әсері бар. Оны шартты түрде лояльді, қалыпты және шамадан тыс деп қарастыруға болады. Демократиялық мемлекеттерде қайшылықтар мен кикілжіңдер барлық оппозициямен болатын жағдай ретінде қарастырылады. Тек мәселенің қаншалықты күрделі және шиеленіскендігі оның сипатына қатысты болады.

Қоғамдағы саяси жағдай егер бұқара халықтың басым көпшілігі саяси дискурс процесіне, оның шешімдеріне қарсы келмей оны жақсы қабылдап, қолдау көрсететін болса, арагідік ішкі және сыртқы саяси қарым-қатынастардағы кей шешімдерімен келіспегенімен тұрақты болып саналады. Бұндай қарым-қатынастың түрі қоғамдағы саяси жағдайдың тұрақтылығына күмән туғызбайды. Десе де, саяси дискурс бұндай жағдайда конституциялық негізде заңды түрде өз орнын алады. Кей кезде бірнеше айға немесе жылға созылатын өткір саяси-әлеуметтік дискурстар мемлекеттегі салық төлеу жүйесіне, білім беру саласындағы реформаларға, қылмыспен күрес мәселеріне қатысты болады. Олар уақыт өте екі тарапты да қанағаттандыратын немесе бір тарапты наразы қылатын шешімдерін табады.

Шамадан тыс, мәмілеге келмейтін демократиялық режимнің қарсыластарына келер болсақ екі жағдайды ескерген дұрыс. Біріншіден, оңшылдар мен солшылдар дамыған мемлекеттерде әлеумет тарапынан жаппай қолдау таппайды, өйткені бұқара халықтың басым көпшілігінің мүддесін қорғауды мақсат етпейді. Бұл мәселе әсіресе әсіре оңшылдар мен әсіре солшылдарға қатысты, олардың әрекеттері мен бағыттары көбіне террорлық және экстремистік бағыт алады.

Екіншіден, кереғар пікірлі тараптар билікке біреуінің келуі арқылы заң аясында қызмет ете отырып, саяси дискурста сол билікке келген топтың көзқарасымен үйлесе отырып, мүмкіндіктері белгілі бір дәрежеде шектеледі.

Авторитарлы мемлекеттерде диктатура оппозицияның қызметіне жол бергенімен, саясатта дискурс демократиялық жолмен жүзеге аспайды. Осылайша, қоғамда жаппай наразылықтың орнауына әкелуі мүмкін.

Тоталитаризм жағдайында саяси дискурстың "ойын шарты" бұзылып, халық өзінің саяси құқықтары мен бостандықтарынан айырылып, өз талаптарын партиялар мен саяси ұйымдар, оппозиция арқылы жеткізе де жүзеге асыра да алмайды. Кез келген кереғар пікір, билікке айтылған сын саяси реформалар арқылы басылып, жаншылып тасталынады. Реформалар формальді сипатта болады. Тоталитаризмнің бұл сипаты бірнеше уақытқа жалғасып, саясаттағы дискурсқа билік ауысқан немесе билік басындағылар биліктен шеттетілгенде ғана мүмкіндік туады. Авторитарлық және тоталитарлық билікті қоса алғанда олар саяси дискурсты мүлдем қолданбайды деу дұрыс емес болып саналады, олар саясаттағы дискурсты өз мемлекеттерінің сыртқы халықаралық қатынастарында көршілес, туысқан, демократиялық әртүрлі мемлекеттермен өз мүдделерін қорғау үшін мейлінше жан-жақты қолданады.

Саяси дискурстың құрылымы - биліктің бүкіл саласына әсерін тигізетін, заманауи қоғамда және оның күрделеніп отыратын ішкі инфраструктурасында өзіндік күрделі және көпсатылы, әртүрлі кезеңі мен алуан дейгейі бар механизм болып табылады. Дж.Франкел осы процестегі қатысушы күштерді «центр – билік» және «периферияға - оның айналасына» бөліп қарастырады [1]. Бұл жіктеу билік пен оған ресми түрде шешім шығару құқығы жоқ топтардың, адамдардың, ұйымдардың сол саяси шешімді қабылдауға әсерін көрсетеді. Саяси шешімнің қабылдануына өз әсерін тигізетін батыстағы демократиялық мемлекеттерде қалыптасқан 5 деңгейлі күрделі схеманы оның әріптесі К.Дойч ұсынады:

- әлеуметтік-экономикалық элита (ірі кәсіпкерлер, акционерлер, қаржыгерлер) және оның т.б. институттары;
- саяси биліктің маңайында шоғырланған саяси элита;
- төртінші билік атанған бұқаралық ақпарат құралдары;
- саяси жағдайға қанық, шешімдерге мүдделі қоғамдық орта.

Бұдан бөлек басқа мамандар саяси шешімнің қабылдануына әсер ететін негізгі 3 деңгейдің қызметін алға тартады:

- индивидуалды (президент немесе премьер-министр)
- топтық (сарапшы-кеңесшілердің тобы)

- ұйымдастырылған (билік тапсырмасымен жұмыс істейтін ұйымдар) [2].

Қазіргі саяс жағдайларды ескере отырып мемлекеттерді қарастыратын болсақ өзара ішкі қарама-қайшылықтары жоқ мемлекеттерді кездестіру мүмкін болмай тұр. Сыртқы және ішкі саяси ареналарда билік бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара бермейді. «Ақорданың мәлімдеуінше», «шенеуніктердің ойынша» сынды әртүрлі алуан көзқарастардың болуы да дискурс қатысушыларының классификациясын көрсетеді.

Саясат сахнасына әртүрлі топтардың, саяси партиялар, қаржылық-экономикалық топтар, қоғамдық қозғалыстардың көптеп шығуы саясаткерлердің пікірінше демократиялы шешім шығарудың жолы ретінде қарастырылды, әйтсе де бұл мемлекеттік биліктің басқаруын қиындатуға әкелген жағдайлар да көптеп кездеседі. Саяси жүйенің ұйымдастырылған, автоматтандырылған және жүйеленген болмауы бүкіл мемлекеттегі саяси жағдайдың шешім қабылдау, шара қолдану, бейімделу сынды процестерді тез атқара алмауына әкеледі.

Бұл мәселе қазіргі таңда көптеген демократиялық мемлекеттерде өзекті болып отыр. Бұл мәселенің шешімі дискурстық құрылым қатысушыларының өзара тығыз ықпалдастығы мен олардың өз талаптарына жауап ала алуы болмақ.

К.Дойчтың пайымдауына сүйенетін болсақ, бүкіл дискурстың өзегі кең контексте алып қарағанда оның қайнар көзі (канал) мен құралдары болып табылады. Ғалым саяси жүйені басқару процесі мен адамдарды қойылған мақсатқа жету жолында ұйымдастырушы өзін-өзі бейімдей алатын кибернетикалық жүйе ретінде өзінің «Нервы управления. Модель политической коммуникаций и управления» еңбегінде атап өтеді. Саяси жүйе сыртқы әсерге мүлдем ұшырамайды деуге болмайды, ол сырттан келетін ақпарат ағымының тигізетін септігі мол. Қалыптасқан көзқарастар тұрғысынан да жүйе қалыпты жағдайда тұрмайды.

К.Дойчтың ойынша оның моделі әртүрлі саяси жүйенің әрекеттілігін бағалауға мүмкіндік туғызады. Саясаттануда назардан тыс қалып келе жатқан ақпараттық ағым мен процесстің маңыздылығын көрсететін моделінің ғылым үшін өзіндік маңызы бар. К.Дойч саяси коммуникацияның үш түрлі қайнар көзін бөліп көрсетеді:

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асатын коммуникация (массмедиа, кітап, радио, теледидар және т.б.);
- әртүрлі партия, ұйым, топтардың әсерімен жүзеге асатын коммуникация;
- бейресми көздер, жекелеген коммуникативтік жағдаяттар мен әрекеттер (мысалы, дауыс беру).

Жоғарыда келтірілген пікірге сүйене отырып, саяси коммуникацияны мынадай сызбамен көрсетуге болады: коммуникатор -

ақпарат - белгілі бір ақпарат көзі немесе ақпарат алмасу құралы - рецепиент/адресат.

Бізге мәлім болғандай, әрбір саяси жүйе өзінің саяси коммуникация жүйесін бұқаралық ақпарат құралдарының даму деңгейімен тікелей байланысты болатын өзінің табиғаты мен экономикалық даму деңгейіне құрады, қалыптастырады. Саяси коммуникация құрылымының автономдық деңгейіне қарап басқару жүйесінің либералды немесе авторитарлық, тоталитарлық екенін анықтауға болады. Мысалы, тоталитарлық басқару жүйесі әрқашан қоғамдық пікірді біріздендіріп, саяси коммуникацияны қатаң түрде қадағалауында ұстайды. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдары саяси дискурсты жүзеге асырудың тиімді бір көзі болып табылады немесе авторитарлық және тоталитарлық басқару түрінде үгіттеу мен жалған ұрандардың құралына айналады.

Құрылымдық-функционалдық бағыттың өкілдері саяси коммуникацияны саяси жүйенің бір функциясы ретінде танып, оны төрт түрлі аспектіде қарастырады: саяси ақпараттың гомогенділігі, оның мобильділігі, ауқымы, бағыттылығы. Дамыған саяси жүйедегі ақпарат ауқымы дамушы, қалыптасушы жүйеге қарағанда азырақ. Дамыған жүйеде керібайланыс басқарушы мен басқарылушы арасында орын алып, өзара алмасу қасиеті қалыптасады. Ал дамушы жүйеде өзара алмасу мен керібайланыс бір бағытта қызмет атқарып, біріншіден екіншіге бағытталады. Саяси жүйенің бір функциясы болып табылатын саяси дискурсқа полигамдылық сипат тән. Саяси коммуникацияның түрі болып табылатын дискурс түсінігінің кеңеюіне, құрылымының қалыптасуына, өз шартының орнығуына азаматтардың және билік өкілдерінің саяси мәдениетінің сәйкес келуі, қоғамдық қатынастардың демократияға құрылуы, азаматтық қоғамның қалыптасуы тікелей негіз болып табылады. Ортақ мүдделерді анықтау мен өзара келісімге келуде барлық «билік-қоғам» жүйесіндегі серіктестердің екіжақты қарым-қатынасында тараптардың жан-жақты ақпарат пен білім алу процесіне саяси дискурс деп қарасақ, ондағы маңызды фактор қоғамдық қатынастардың (public relations-PR) сапасы ерекше орын алады. Себебі ол саяси коммуникациядағы ақпараттың қайнар көзі және тасымалдау құралы болып саналады. Жалпы алғанда қоғамдық қатынастар әлеуметтік механизмді қалыптастырушы, азаматтық қоғам қалыптастырудың бір жолы. Ол тұлғаның саналы дамуына, жетілуіне жол ашып, саясаттың субъектісі болып саналатын адамның саяси дискурс жүргізу барысындағы мүмкіндіктер аясын кеңітеді. «Қоғамдық қатынастардың мұндай әсері нарықтық экономика мен демократияның жаңа типінің келуіне байланысты құндылықтардың түріне басымдық беруде және саралау барысында саяси дискурс үшін өте маңызды».

Реформа жағдайында саяси дискурстың құрылымының сапалы болуы бүкіл мемлекеттік істердің алға жылжуына тікелей әсер етеді. Мұндай жағдайда саяси дискурс мемлекеттегі саяси атмосфераның өзіндік барометрі іспетті әлеуметтік шытынауларды, төңкерістер мен толқуларды болжауға мүмкіндік тудырып, дискурс құрылымының толыққанды болуымен жағдайлардың алдын-алуға жағдай тудырады. Саяси дискурс билік өкілдерінің бір құралы ғана емес керісінше қара бұқараның керібайланыс жасау құралы болып отырған батыс дамыған мемлекеттерінде саяси дискурс әлдеқайда күрделі, ашық және өзіндік жүйесі бар көп қызмет атқарады.

Саяси дискурстың құрылымы қатысушылардың кәсіби және саяси потенциалын пайдаланып қоғамдық келісімге келу үшін саяси мәселенің шешімін табу жолында мәселелерді ұтымды шешуге мүмкіндік береді.

Саяси дискурстың құрылымын зерттеу барысында ғалым Г.Е. Мамина саяси дискурстың қоғамдағы бірнеше функциясын көрсетті. Сол атқаратын қызметін көрсете отырып біз оның түсіндірмесін жүйелеуге қадам жасадық:

Саяси дискурстың қызметі	Түсіндірмесі
Эвристикалық	Танымын кеңейту мақсатында бір-біріне сұрақ қою арқылы бұрын өзіне беймәлім болып келген ақпараттар мен білімді алу. Бұл қатысушылардың шығармашылық, ұшқыр ойланып өзара түсінісуіне жол ашады.
Танымдық	Дискурс дүниетанымды кеңейтіп, басқа қатысушылар туралы мәліметті санасында өңдеп, мәселелердің шығу жолы мен оның шешімін іздеуге негіз болады.
Бірегейлендіру	Дискурс қатысушыларына өз саласын, қоғамдық иерархиядан өз орнын табуға, басқа қатысушылармен пікір кереғарлығы мен сәйкестігін анықтауға себепкер.
Жаңашылдық	Ескі мәселелердің жаңа шешу жолдарын қарастырып, қоғам дамуы үшін баламаларды анықтайды.
Болжамдық	Мемлекеттің дамуында векторлық басымдық алатын салаларды жорамалдап, болжайды.
Психологиялық-тұрақтандырғыш	Қоғамдағы психологиялық теңдікті сақтап, өзара келісім жасауға қолайлы, жайлы жағдай тудырады.
Ұйымдық-нормативтік	Қоғамдық құрылымға әсер етіп, заңдылықтар мен шарттарды қалыптастырады. Саяси дискурс қатысушыларының әрекетін ашық та жария болуын жүйелейді.
Әлеуметтік-қалыптастырушы	Мүдделері ортақ топтардың бірігуіне әсер етіп, азаматтық қоғам қалыптастыруға негіз болады.
Интеграциялаушы	Өртүрлі көзқарас өкілдерінің зерттеу бағыттарындағы оң пікірлерді көре білу, өз тәжірибелеріне қолдана алу мүмкіндігін береді.
Заңнамалық	Заңдағы өзгерістерді қабылдау мен оны қайтарудың басты факторы.

Бақылаушылық	Қоғамдық заңдардың сақталуын қадағалау.
Манипуляциялық	Қоғам өкілдерінің, дискурста қатысушылардың санасы мен ойына, шешім шығаруына әсер етіп, өз мақсатына сәйкес манауляция жасау.
Мобильдендіру	Саяси дискурста қатысушылардың жинақы және психологиялық жағдайының заңдылықтарды қатаң сақтап, қоғам пайдасы үшін шешім қабылдауына әсер ету.
Түзетуші	Саяси дискурста қатысушылардың тарапынан айтылған пікірлерді нақтылау, түзету, шешімдердің дұрыс қабылдануына әсер ету.

Саяси дискурстың бұл функциялары оның құрылымының күрделі, біртіндеп қалыптасатын, қарама-қайшылықтары мол, десе де қоғамдық құндылықтар мен идеялардың қалыптасуын, қоғамдық келісімге келу үшін дәйекті аргументтерге сүйене отырып шешім қабылдайтын жүйе екендігін көрсетеді.

Дискурстың құрылымы мәселесі бүгінгі таңда өз шешімін толық таба алды деп айта алмаймыз, бұл процесс болашақта да өз жалғасын таба бермек. Бұл ғылым саласының зерттеу объектісі болып қала бермек, өйткені қоғамдық өмір әрқашан қозғалыста және дамуда болады.

Саяси дискурстың құрылымын саралай келе оның басқа да қалыптасқан институционалды дискурстардан қандай айырмашылығы бар екеніне тоқталатын боламыз. Саяси дискурстың басқа дискурстан айырмашылығы ретінде мыналарды атап өтуге болады:

Тақырыптық доминант болып биліктік қарым-қатынас табылады. Басқа тақырыптар өздерінің жанрлық және стильдік өзгешеліктеріне қарамастан олар негізгі бір мәселеге арналып, контекстке байланысты өзгереді, бейімделеді. Бірақ саяси билік әлеуметтік бір сала ретінде жүйеге бағынбайды керісінше бүкіл саланы қамтитын өзі бір үлкен жүйе. Басқа дискурстар саяси дискурстың ықпалымен қалыптасқан азаматтық қоғамда жүзеге асады.

Мазмұнын саяси идеялар мен ұстанымдар құрайды. Бір ортақ ұстанымдардың болуы дискурс қатысушыларының мақсат жолында бір болуын қамтамасыз ете алады.

Коммуникация жүзеге асатын шеңберге сәйкес саяси дискурсты ұйымдастыру сипаттары елдегі орныққан саяси жүйеге тығыз байланысты болады. Осы көзқарас тұрғысынан да демократиялық және антидемократиялық мемлекеттердегі дискурстың айырмашылығы айқындалады.

Саяси құбылыстардың мәнін жалпылап көрсететін саяси мәтіндердің символдық сипаты. Адресаттың жалпылық сипат алуы: Осы аталған коммуникациядағы басты ерекшелік қарым-қатынастың институт пен институт арасында жүзеге асып, институттың өкілі - азамат, ал азаматтың өкілі - институт ретінде қалыптасуы. Өз өкілінің ойын жеткізуде, олардың бір мақсатта біріккенін негізге ала отырып, бір-

бірінің атынан сөйлеуге, шарт қоюға, бір-бірінің мүдделерін танытуға толықтай мүмкіндік алады. Саяси коммуникация өзінің басты ерекшелігі ретінде тыңдармен мен сөйлеушінің ұжымдық болуы. Сөйлеушінің ұжымдық болуы деп оның артында қоғамдық институттардың тұруын және мәтіннің ұжымдық өңдеуден өтетінін айтамыз. Тыңдарманның ұжымдық болуына тыңдаушы мәтіннің тек өзіне арналмағанын, өзі жататын қоғмадық институттың барлық өкілдеріне арналғандығын жатқызамыз.

Саяси дискурстың институционалды табиғатына қатысты мәселе негізгі екі түрлі көзқарас бар. Көп жағдайда, саяси дискурсты тар шеңберде қарастырғанда ол институционалды дискурсқа тән қарым-қатынас негізгі бөлігі болып табылатын ұйымдардың формаларымен шектеліп қалады. Кең шеңберде қарастырған жағдайда оның қолданылатын аясы кеңі түседі.

Саяси дискурсты саралай келе Т.А. Дейк оның бірнеше деңгейін атап өтеді:

- күнделікті коммуникацияны жүзеге асыратын ауызекі сөйлеу деңгейіндегі дискурс: қауесет, әзіл-әңгімелер, адамдар арасындағы өзара талқылаулар. Бұл деңгейлі дискурс этникалық топтардың жағдаяттарды қабылдау моделі мен схемаларын көрсетеді. Институттардың өз әрекеттері салдарынан болуы мүмкін қауіптерден топтық қорғану тәсілі, ол дискурсы ауызекі сөйлеу деңгейінде жүзеге асыру арқылы қоғамның қаншалықты жақсы қабылдайтынын тексеріп, бүкіл әлеуметтік топтарды психологиялық тұрғыдан дайындау, «құлақтарын үйрету» тәсілі.

- ресми дискурс, билік иерархиясының барлық деңгейінде орындалып, кейде қоғамда жағымсыз әсер тудырып, кейде жасырын жүзеге асырылады. Әлеуметтік институттардың топтары дескриминацияға ұшырап, олардың мүдделері ескерілмей жататын жағдайлар да кездеседі. Бұндай жағдайларда оның тудыратын әсері ретінде дискурс вербалды түрде көрініс табады - митингілер, толқулар, бейбіт шерулер; ал жазба түрде - ашық хат, ереже, қаулы және т.б.

Бұқаралық құралдар арқылы жүзеге асатын дискурс. БАҚ әртүрлі әлеуметтік институттар арасындағы коммуникация процесінде үлкен рөл атқарады. Мемлекеттік, ұлттық идеологияны қалыптастыру мен таратудағы негізгі факторлардың бірі.

Масмедиа факторымен тығыз байланысты. Зерттеушілердің пайымдауынша заманауи саяси кеңістіктің дамығанын көрсететін айқын тенденция оның бұқаралық ақпарат құралдарының символдық кеңістігінде тығыз қарым-қатынаста болуы. Саяси өмірдің барлық оқиғалары символдар арқылы танбалану барысында өмір сүру мүмкіндігін алды. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланбаған дискурсты жағдаят деп тану қарастырылмаған. Саяси дискурстың негізгі

алғышарты - оның коммуникацияда жүзеге асуы, ал ол тек медиа кеңістікте ғана мүмкін болмақ.

Басқа факторлармен шартты түрде байланыста болатын ұйымдастырылған түрде болады. Саяси оқиғаға бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан ешқандай назар аударылмаған жағдайда, оны газеттің басты мақаласы ретінде көрсететіндей әрекеттер жасалады. БАҚ-да саяси оқиғаның көрініс тауып, талқыға түспеуі "саяси өлім" ретінде бағаланады [3].

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, саяси дискурс, біріншіден, күрделі коммуникативтік құбылыс; екіншіден, арнайы бағытталған әлеуметтік іс-әрекет; үшіншіден, қатысушылардың психологиясының субъектілігін көрсетеді; төртіншіден, ақпарат алмасып, білімді қалыптасыратын когнитивті іс-әрекет. Саралай келе, саяси дискурстың құрылымы, қатысушылары, мазмұны, мақсаты, түрлері туралы келтірілген мәліметтер әлі де толықтырулар мен терең зерттеуді қажет етеді. Біздің бұл еңбегіміз қазақ тілінде дискурстың құрамдас бөліктерін жан-жақты сипаттап көрсеткен алғашқы материалдардың бірі. Бұл салаға қатысты зерттеулер әлі де кенже қалып келеді. Болашақта бұл олқылықтың орны толтырылып, ғалымдардың еңбектерімен толғады деп сенеміз. Саяси дискурс - қоғамның даму бағытын, мақсатын, болашағын көрсететін айнасы, елімізде демократияның қалыптасуымен ғана дамуға мүмкіндік алған институционалды дискурстың бір тармағы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Литературная энциклопедия: Словарь литературных терминов: В 2-х т. — М.; Л.: Изд-во Л. Д. Френкель, 1925. Т. 1. А-П. — 402 с.
- 2 Дойч К. Нервы управления: модели политической коммуникации и контроля — The Nerves of Government: Models of Political Communication and Control, 1963. — 459 с.
- 3 Дейк ван. Т.А. Вопросы прагматики текста // Новое в зарубежной лингвистике. — Вып. 8. — М.: Прогресс, 1978. — 336 с.

FTAXP 16.31

А.Б. Нұржанова¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

АДАМНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ МЕН ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІН СИПАТТАЙТЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Аңдатпа. Мақалада адамның сыртқы келбеті мен жас ерекшелігін сипаттайтын соматикалық фразеологизмдер қарастырылады. Адамның